

URBAN FORUM ALMATY

**АЛМАТЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫНА ЖАТПАЙТЫН
АУДАНДАР ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК
СӘЙКЕСТІЛІГІНІҢ ЗЕРТТЕУІ («ТАСТАҚ»,
«ШАҢЫРАҚ», «ОРБИТА»
ЫҚШАМАУДАНДАРДЫҢ МЫСАЛЫНДА)**

Алматы, Қазақстан

Бұл зерттеу Сорос-Қазақстан қорының қаржылық қолдауымен жүзеге асты. Зерттеудің мазмұны авторлардың көзқарасын білдіреді және қор көзқарасымен сәйкес келмеуі мүмкін.

Кіріспе

Urban Forum Almaty 2015 зерттеу тақырыбы, Алматы тұрғынының әлеуметтік-мәдени портретінің сәйкестілігін анықтау болып табылады. 2016 жылғы зерттеуде форум командасы осы бағыттағы жұмысты жалғастырды. Зерттеудің негізгі уәжі – орталықтан алшақ (спальный) аудандардағы тұрғындардың әлеуметтік сәйкестілігін және олардың ұжымдық әрекетке қабілеттілігін анықтау.


Сәйкестілік ұғымы – өзін-өзі анықтау ұғымымен тығыз байланысты. Адам өзін сәйкестендіргісі келетін қандай да бір топтың әрекеттерімен, мұраттарымен, құндылықтарымен алыс-беріс жасайтын үдеріс. Осыған байланысты, өзін-өзі анықтау-сәйкестілік қорытындысы бұл - бірімен бірігу және басқалардан алшақ болу. Кез келген әлеуметтік топтың негізгі ерекшеліктерінің бірі болып, адамдардың әлеуметтік топтық ұстанымдарының немесе қоғамдық пікірдің, қандай да болмасын әлеуметтік көзқарасты білдіру тәсілдерінің болуы. Азаматтық қоғамы дамыған мемлекеттерде, жергілікті билік сайланбалы және есептілі. Бұл жағдайда, жергілікті өзін-өзі басқару механизмдері жұмыс атқарады. Сондықтан, ең алдымен тұрғынның даусы естіледі. Демек, қаланы басқару қала тұрғындарымен бірлесе отырып және олардың мүдделерін ескере отырып жүзеге асады. Және де қоғамның пікірі қаланың даму саясатына түзетулер енгізеді және ықпал ете алады.

Белгілі американдық әлеуметтанушы Роберт Сампсон өз еңбектерінде, бір нәрсенің нағыз мазмұны (квинтэссенциясы) болып «Ұлы Американдық Қала» атты кітабы болды. Онда ол Чикаго мысалында кескіндейтін «аудан әсері» теориясын ұстанады. Оның теориясы негізінде, қаланың әртүрлі аудандары ерекше әсер тудырады және тұрғындары еместер қайда тұратындарын «таңдау» жасайды, алайда аудандар тұрғындарды өздері «таңдайды». Бұл жағдайда, әртүрлі аудандардың тұрғындарының белгілі бір сәйкестілігі жайы ескеріліп тұр.

Бұл теория жанашыл емес, Сампсонның еңбектерінен бұрын басқа да әлеуметтанушылардың еңбектерінде кездескен. Бірақ, Сампсон «қала ауданының» анализ бірлігін алуды ұсынып, аудандардың бөлігінен құралған қалалардың әлеуметтік құрылымын мозаика ретінде қарастырады. Бұл, жеке тұлға есепке алынбайды деген сөз

емес. Бірақ, әлеуметтік топ қатарына жату, бұл жағдайда қаланың белгілі бір аудандарының тұрғындарына жеке тұлғалардың өзін-өзі анықтауға көмектесетінін болжайды.

Зерттеудің мақсаты – Алматы қаласының орталығына жатпайтын үш аудандарының тұрғындарын әлеуметтік сәйкестілікке анықтау және салыстыру болып табылады. Төмендегі картада сары түспен Алматының үш орталықтан алшақ (спальный) аудандары белгіленген. Күңгірт түспен «алтын шаршы» белгіленген. Бұл Алматының орталығы деп есептейтін қаланың тарихи ауданы. Тарихи аудан - бұл қаланың тек аз ғана бөлігі, демек, тұрғындардың басым көпшілігі орталықтан алшақ аудандарда тұрады.



Авторлар командасы зерттеу мақсаты етіп 6 тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық дәрежесі және демографиясы бойынша әртүрлі аудандарды зерттеу үшін таңдау жасады.

Авторлар жергілікті қоғамдастықтың өмірге қабілеттілігіне (тұрақтылығы) тікелей әсер ететін әлеуметтік сәйкестілік сипаттамасынан алып отыр. Қоғамдастықтың өмірге төзімділігі (*community vitality*) – біршама жаңа термин, ол әртүрлі дереккөздерде әрқилы сипатталады. Әдеттегідей, ол қандай да бір біріктірілме көрсеткішті көрсетеді. Бұл, резилиенс (*resilience*), яғни өмірге төзімділік ұғымымен үйлеседі. Қоғамдастықтың ішкі немесе сыртқы есеңгіреулерден кейін қалыпқа келу қабілеттілігі және осы сияқты «құзыретті қоғамдастық» концепциясымен де солай. Оның басты сипаттамасын ғалымдар мәселелерді ұжыммен шешу қабілеттілігі деп атайды. Білім және денсаулық сақтаумен, қоғамдық және экологиялық қауіпсіздікпен, мемлекетті басқару сапасымен қатар, өмірге төзімділік параметрлеріне өзара көмек көрсету, қоғамдастық мүшелері арасындағы сенімділік дәрежесі, шешімді қабылдауда олардың еліктіргендік және т.б. тәжірибесін қосады.

Осы көптеген маркерлер берілген зерттеудің әлеуметтік сауалнаманың сұрақтарына енгізілді. Авторлардың болжауынша, қоғамдастықтың сәйкестілігін зерттеу, оның өмірге төзімділігі тұрғысынан үмітті. Сондықтан, тұрғындардың өзін-өзі сәйкестендіруге практикалық мәнмәтін сұрақтарын қосады. Оларды қоғамдық саясат, тұрақты даму мақсатында стратегиялық жоспарлау позициясы тұрғысынан қарастыруға көмектеседі. Бұл ретте, қоғамдастық әлеуетін және де олардың ұжымдық сындарлы әрекеттерге дайындығын өзектендіреді. Зерттеуді жоспарлаған және өткізген кезде қоғамдастықтың ұжымдық әрекеттерге қабілеттілігі де жіті қарастырылды. Бұған қоса, әлеуметтік сәйкестілік ұжымдық әрекеттер алғышарты ретінде анықталады. Себебі, қандай да бір әлеуметтік топқа (тап осы жағдайда қалаға немесе ауданға) тиістілігін сезе отырып, қоғамдастық мүшелері өз ресурстарын оның дамуы үшін үлес қосқысы келеді.

Зерттеудің қорытындысында қала тұрғындарын қаланы дамытуға еліктіру және билік пен қала тұрғындары арасында сындарлы диалог құру бойынша ұсыныстар тізімі берілген.

Әдіснама

Тұжырымдамалық модель

Тұжырымдамалық моделді құру барысында, біз қаланың үш қабатты моделіне сүйендік. Осыған сәйкес, қала ортасының анықталған сипаттамасы тұлғаның жеке ерекшеліктерімен қатар қала тұрғындарының сәйкестілік дәрежесіне әсер етеді¹:

1. Қаланың физикалық кеңістігі: табиғи және қолмен жасалған ландшафты, сәулет (архитектура) және кеңістік құрылымының қалалық локациясы.
2. Ақпараттық, білімді/қала туралы түсінігін қосқанда ақпараттық ағымдардың кеңістігі сияқты.
3. Әлеуметтік кеңістік — атаулы және нақты аумақтық әлеуметтік топтар.

Зерттеудің мақсаты үшін, физикалық кеңістік және аудандардың тарихы, тұрғындардың әлеуметтік капиталы, сәйкестілік және саяси билік ауыспалы мәнмәтіндік, яғни, құбылмалы сияқты қарастырылған. Олар зерттеуде қарастырылған басқа да факторларға әсер етеді. Осы орайда, тәуелді ауыспалылық – тұрақты аудандар және ұжымдық әрекетке қабілеттілік болып табылады. Яғни, авторлар белгіленген мәнмәтінді ауысулар осы немесе өзге шамада тәуелді ауысуларға әсерін тигізеді деп болжайды.

Зерттеу тақырыптық болып бірнеше кезеңдермен өткізілді.

¹ О.С. ЧЕРНЯВСКАЯ «АУМАҚТЫҚ СӘЙКЕСТІЛІК ҰҒЫМЫН ТҮСІНУ»

Бірінші кезеңде қарастырылатын аудандардың алдын-ала жүйелі сараптамасы өткізілді. Сараптама барысында екі мәнмәтінді ауысу, аудан тарихы және ауданның физикалық кеңістігі қарастырылды. Сонымен қатар, зерттеудің бірінші кезеңінде сарапшылардың, осы аудандарда жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдардың, әкімшілік қызметкерлерінің және ПИК өкілдерінің қатысуымен топтың назарын аудару өткізілді. Топтың назарын аудару қорытындысы бойынша сауалнама үшін сұрақтар жиынтығы анықталды.

Зерттеудің **екінші кезеңінде** «Тастақ», «Шаңырақ», «Орбита» аудандарының 1,000 аса тұрғындарымен әлеуметтік сауалнама жүргізілді. Сұхбат әртүрлі уақытта, жұмыс және демалыс күндері, қазақ және орыс тілдерінде (сұхбат сұрақтары 1 қосымшада ұсынылған) өткізілді. 1) Іріктеу ерекшелігі: сұхбат алушылар Орбита және Тастақ аудандарының көппәтерлі үйлердің әрқайсысын қамтыды (әр үйден 2-3 адамнан). Сонымен қатар, сұхбат әр ауданның қоғамдық орындарында, ал Шаңырақ ауданында сауалнама тұрғын үйлердің, автобус аялдмасының және дүкендердің ішінде жүргізілді.

Үшінші кезеңде, алынған деректерді өңдеу, талдау жасау және оларға түсінік беру жүргізілді. Сонымен қатар, қорытындыларды және ұсыныстарды даярлау.

Аудандар жайлы жалпы ақпарат

Орбита ауданы

Тарихы

Алматы қаласының оңтүстік-батысында тұрғын үйлер жиынтығының және күнделікті қолдануда мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету мекемелерінің кварталішілік жүйесінің типтік жобалауын құру туралы ұсыныс 1950 жылдың аяғына жатады және «Казгорстройпроект» институтының жобалаушылар тобына жатады (жетекшілері И.Рипинский және А.Соколов). Орбита 3-4 аудандары бір ғана онжылдықта 1960–1970жылдар аралығында тұрғызылды.



Тарихи фото: "Орбита" ықшамауданы. 1970 жылдар. Алматы Мұражайының жинақтамасынан.

Жоғарыда көрсетілген тарихи фотода 1970 жылдары Орбита ықшамауданында жасыл екпелердің болмағанын көріп отырмыз. Бүгінде бұл Алматының ең жасылданған аудандарының бірі. Құрылыс 1973 ж. басталды. Алматының үй құрылысы комбинатымен жүзеге асырылды.

1970 жылдардың басында өсіп келе жатқан Қазақстан астанасының кезекті тұрғын үй мәселесін шешуге, қызу дамыған Алматыда жаңа Көктем, Выставочный –1, Выставочный-2, Орбита ықшамаудандарының қарқынды құрылысы өрістеді. Отандық және шетелдік сейсмикалық төзімді құрылыс тәжірибесі негізінде, ғимараттар мен құрылғыларды жобалау бойынша қалада қабаттар құрылысын көбейту жаңа республикалық ереже енгізілді. «Алмаатагипрогор» институтымен арнайы жаңа тұрғын-үй кешендері үшін, Орбитаны қосқанда 9 балды сейсмикалық аумақтарға шамаланған 5, 8, 9 қабатты ірі панелді тұрғын үйлердің жобалары жетілдіріліп, жүзеге асырылды. Панелді үйлерден басқа, Орбитада Саин көшесінде каркасты-кірпішті 5 қабатты үйлер салынды. Олар осы тұрғын ауданының сәулет айқындылығын әлдеқайда көркейтті. Аудан орталығында «Байқоңыр» кинотеатры мен универсам салынды. Олар осы тұрғын ауданының негізгі құрылысын аяқтады.

Бүгінде Орбита Алматының оңтүстік батыс бөлігіндегі негізгі тұрғын ауданы. Бұнда Қазақ мемлекеттік сәулет құрылыс академиясы, Қазақстан Американдық университет сияқты жоғары оқу орындары орналасқан. Әлме әл жақындықта бірегей ҚР Тұңғыш Президентінің Паркі, «Мирас» халықаралық мектебі, Орталық Азияда ең ірі «Mega-Almaty» сауда сауықтыру орталығы орналасқан. Үлкен Алматы өзенінің жағасы маңындағы демалыс аумақтары сәулеттенген және абаттандырылған.

Физикалық кеңістігі

Орбита ауданы төрт ықшамаудандардан құрылған: Орбита 1, 2, 3, 4. Сәулетшілер, урбанистер және әлеуметтанушылар командасымен Орбита ауданының физикалық кеңістігі қарастырылды. Сонымен қатар, негізгі мәселелерді анықтау мақсатында аудан тұрғындарына сұрақтар қойылды.

Келесілер белгіленді:

- ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін ортаның қолжетімсіздігі;
- балалар алаңдары көп жағдайда ескі сипатта;
- аудан бөліктеріндегі магистралдардан алшақталған жасыл желектер санының көптігі «ормандағы ықшамаудан» әсерін қалыптастырады;

- алғашқы бас жоспардың сұлбасы жоғалған, тұйық көшелер көп, сол себепті аудан тұрғындарына бір бөліктен екіншіге жүруге қиындық туғызады;
- тұрғындардың тиесілі аумақтарды күтуіне байланысты, ықшамаудандар аулаларының әркелкілігі;
- тұрғындардың басым көпшілігі стихиялық тұрақтардың мәселесін атап өтті;
- ауданның учаскелері толықтай жарықтандырылмаған;
- аула тұрғындарының басым көпшілігі өздеріне қарасты аумақтарды шарбақтармен қоршайды.

Тастақ ауданы

Тарихы

Тастақ, Алмалы ауданына қосылған қаланың солтүстік батысындағы тасты, тұрғын аудан. 1910 жылдары Ресейдің оңтүстігінен қоныс аударушылармен казактардың Кучегуры станицасы құрылған. Қазан төңкерісінен кейін Ленин станицасына ауыстырылды. 1956 жылдың тамыз айында қаланың кеңеюіне байланысты станица оның құрамына кірді. 1940 жылдары қаланы аудандармен байланыстыратын трамвай желісі өткізілді. Кейінірек, автобус бағыттары реттелді. 1947 жылы қаланың атауымен базар ашылды. Бүгінгі күндері белгілі Тастақ базары біршама ұлғайды. Ал, сол жылдары ол Комсомольская (Толе Би) – Васнецов – Туркебаев - Руднев (Брусиловский) көшелерімен шектелетін бір ғана кварталда орын алатын.

1980 жылдары аудан ірі панелді тұрғын үйлер құрылысымен ұлғайды (сәулетшілер Ю.Романов, В.Гершберг). Кеңес уақытында оның өнеркәсібін екі зауытпен ұсынған – «Қызыл Ту» және «Зергер».

Физикалық кеңістік

Тастақ ауданы үш ықшамауданды біріктіреді Тастақ 1, 2, 3. Сәулетшілер, урбанистер және әлеуметтанушылар командасымен Тастақ ауданының физикалық кеңістігі қарастырылды. Сонымен қатар, негізгі мәселелерді анықтау мақсатында аудан тұрғындарына сұрақтар қойылды. Тастақ-1 ауданының 40% өнеркәсіп аумақтары мен қоймаларға берілген, жалпы ауданның 20 % жеке сектор орын алуда. Жалпы алғанда, Тастақ ауданы бұл әр заманғы панелді тұрғын үйлері (хрущевка) бар типтік ықшамаудан.

Шаңырақ ауданы

Тарихы

Шаңырақ ауданы стихиялық құрылыс ретінде 1990 жылдары пайда болды және бүгінде 2008 жылы құрылған Алматының Алатау ауданына жатады. 2008 жылға дейін Алатау ауданының аумағы облысқа жататын. Шаңырақ ауданы 2006 жылғы маусым оқиғасымен белгілі болған. Үкімет пен аудан тұрғындары арасындағы қақтығыс кезінде полиция қызметкері тірідей өртеніп, ондаған адамдар зардап шегіп, ауданның төрт тұрғыны ұзақ мерзімге (10 жылдан астам) бас бостандығынан айырылды. 2008 жылдың шілде айында Алматы қаласының әкімшілігі заңсыз құрылыстармен күресті бастады және алғашқы болып Бақай ауданының үйлері құлатылды. Сол уақытта, Шаңырақта 2500-ден астам заңсыз үйлер болды. Бақайдағы 500 үй бұзылғаннан кейін, үкімет бір аптадан соң Шаңырақтағы үйлердің құлатылатынын хабарлады. Шаңырақ аумағында жұмыс істейтін ҮЕҰ көшбасшысының бірі атап өткендей, «ықшамауданда туыстық қатынас өте қатты дамыған. Үйлерді құлату жөніндегі ақпарат күні бұрын белгілі болып, ондағы адамдар маңындағы аудардарда тұратын туыстарын жинап, өз үйлерін сақтап қалуға әрекет жасады». Бүгінгі күні, өкіметтің есептеуінше заңсыз басып алынған учаскелердің 90% - нан астамы заңдастырылды.

Физикалық кеңістік

Сәулетшілер, әлеуметтанушылар және урбанистердің зерттеу тобымен Шаңырақ 1, 2 ықшамаудандардың физикалық кеңістігі зерттелді. Аудан стихиялық тұрғыда дамыды. Жоғарыда атап өтілгендей, тұрғын үй қорының 80%-дан астамын заңсыз салынған үйлер құрады (кейіннен заңдастырылды). Ауданның негізгі сипаттамасы, үйлерді бір-бірінен айырып тұратын биік шарбақтар, қоғамдық орындардың болмауы (парктер, скверлер), Шаңырақтағы азғантай көппәтерлі үйлердің аулалары жабдықталмаған.

Аудан тұрғындары ауданның физикалық кеңістігіндегі жағымды өзгерістерді Шаңырақ-2 ауданында Алатау ауданының әкімшілігінің ашылуымен байланыстырады.

Орбита, Тастақ және Шаңырақ аудандарындағы физикалық кеңістік мәселелері

Зерттелетін қаланың барлық алшақ аудандарының әрқилылығына қарамастан, физикалық кеңістіктегі келесі мәселелері осылардың әрқайсысына жатады:

- Ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін ортаның қолжетімсіздігі.

- Балалар алаңдары көп жағдайда ескі сипатта (Орбита және Тастақ) немесе мүлдем жоқ (Шаңырақ).
- Алғашқы бас жоспардың сұлбасы жоғалған (Орбита және Тастақ) немесе мүлдем құрастырылмаған (Шаңырақ), тұйық көшелер көп, сол себепті аудан тұрғындарына бір бөлігінен екіншіге жүруге қиын.
- Тұрғындардың тиесілі аумақтарды күтуіне байланысты, ықшамаудандар аулаларының әркелкілігі.
- Стихиялық тұрақтардың мәселелері.
- Ауданның учаскелері толықтай жарықтандырылмаған .
- Аула тұрғындарының басым көпшілігі өздеріне қарасты аумақтарды шарбақтармен қоршайды.
- Аудан бөліктеріндегі магистралдардан алшақталған жасыл желектер санының көптігі «ормандағы ықшамаудан» әсерін қалыптастырады (Орбита).

Сұхбаттанушының әлеуметтік портреті

Статистикалық деректердің бірегей форматының болмауын, сондай-ақ олардың ашық рұқсатының болмауын атап өту керек. Зерттелетін қаладан алшақ аудандарға жататын қала аудандарының әкімшілігіне зерттеу топтары тарапынан сұраныс жіберілді. Зерттелетін орталыққа жатпайтын аудан тұрғындарының әлеуметтік портреті саяси және экономикалық факторлар есебімен, тарихи контекстен құралады.

Орбита ауданы – бұл қаланың ескі ауданы, бүгінгі таңда Орбитадағы жылжымайтын мүлік бағасы жаңа салықтың ағымына тежеуіш фактор болып табылады. Тастақ ауданын айтар болсақ, бұл жерде жылжымайтын мүлік бағасы төменірек. Шаңырақ ауданы 2008 жылы қалаға біріктірілген, жаңа аудандардың бірі. Шаңырақ ауданының аумағында ұраншыл жастармен жұмыс жасайтын ҮЕҰ-ның бір жетекшісінің сөзін дәйектейтін болсақ: «Бейнелі сөзбен жеткізер болсақ, көп жағдайда, Шаңырақтың жастары бұл «ауылдан шығып, қалаға келмеген». Олар өздерін Алматының тұрғындары деп сезінбейді және қаланың әлеуметтік игіліктерін қолданбайды». Сауалнамаға, Орбита ауданында 58% әйел және 42% ер адам, Тастақ ауданында 55% әйел және 45% ер адам, Шаңырақ ауданында 58% әйел және 42% ер адам қатысты.


Сұхбатталушылардың жас құрамы

Қала ортасының жаспарлануы тұрғындардың жас және әлеуметтік құрамы есебімен, тұрғындардың өсу-кему қарқынын және халық құрамының өзгерісін назарға ала отырып өткізілуі тиіс.

Орбита ауданы



Тастақ ауданы




f) 60 жас және одан жоғары

Шаңырақ ауданы

Шаңырақ. Сұхбаткерлердің жас ерекшеліктерінің құрамы

- a) 18-24
- b) 25-29
- c) 30-39
- d) 40-49
- e) 50-59
- f) 60 лет и старше



f) 60 жас және одан жоғары

Орбита және Тастақ аудандарының төлқұжаттарына сәйкес, әрқайсысының қала тұрғындарының 20%-дан астамы зейнет жасындағы адамдар. Осыған байланысты, зерттеу тобымен сұхбаткерлердің жалпы санынан жасы 60-тан асқан адамдардың Орбита ауданында 28%, Тастақ ауданында 22% болғандығы белгіленді. Дамыған елдерде инфроқұрылымдарды жоспарлау барысында осы жас ерекшелік тобына аса көңіл аударылды, бұл қала аумағын жаспарлауға аса ерекше міндеттемелерді жүктейді (бұл барлық үш ауданға жатқызылуы мүмкін). Қолжетімді ортаның жоспарлануына, бос уақыт өткізуді ұйымдастыруға, зейнеткерлердің әсерлері мен еміне ерекше назар аударылуы тиіс.


Халықтың білім деңгейі

Халықтың білім деңгейі жайлы айтар болсақ, Орбита және Тастақ аудандарында жоғарырақ. Орбита және Тастақ аудандары сұхбаткерлерінің 64%-ы және 66%-ы , сәйкесінше, толық емес жоғары немесе одан да жоғары білім дәрежесіне ие, Шаңырақ ауданы тұрғындарының 68% -ы толық емес орта немесе одан да төмен білімі бар.

Ұлттық құрам

Сондай ақ, аудандар ұлттық құрамымен ерекшеленеді. Аудандардың төлқұжаттарына сәйкес, Орбита ауданында 42% қазақ, 38% орыс және 20% өзге ұлт өкілдері, Тастақта 49% қазақ, 34% орыс және 16% өзге ұлт өкілдері, Шаңырақта 66% қазақ, 14% орыс және 20% өзге ұлт өкілдері.

Сауалнама сұхбаткерлерінің арасындағы ұлттық құрамға бөлу келесідей:



Орбита

Тастак

Шаңырақ

Әлеуметтік және ұлттық құрам бойынша ерекшеліктер Алматы қаласының және әр аудандардың даму тарихы және тарихи мәнмәтінімен түсіндіріледі.

Экономикалық потенциал

Соңғы бірнеше онжылдықта дамыған елдерде негізгі жұмыс күшін қала орталығынан тұрғылықты жерге жақынырақ жерге жұмыс орындарын көшіру тренді бұқаралық сипат ала бастады. Жалпы, екі жаққа да ұтымды: жұмыс орнына дейінгі (сәйкесінше қаржы ресурстарының) жолға уақыт үнемделеді, атмосфераға CO₂ шығарылуы және қоршаған ортаға басқа да газдардың шығарылуы азаяды. Алматы қаласының таңертеңгі және кешкі уақыттағы көлік ағымына (қозғалыс шыңының сағаты) баға бере отырып, орталықтан алшақ тұратын аудан тұрғындарының жұмысы тұрғылықты жерінен алшақ екенін нық сеніммен айтуға болады. Бұл өз кезегінде қаланың көлік инфрақұрылымына белгілі жүктеме жасайды. Зерттеушілер командасы сұхбаткерлерге үй мен жұмыс арасына қанша уақыт жұмсалатыны туралы сұрақ қойылды (төменде көлік түріне байланысты деректер берілген). Орбита ауданындағы сұхбаткерлердің 60% тұрғындары және Шаңырақ ауданындағы 70% сұхбаткерлері жолға жарты сағаттан артық уақыт кететінін атап өтті (Тастак ауданында 40% қарсы). Бизнес өкілдеріне мына фактілерге назар аударғандары дұрыс, жұмыс күшінің тұрғылықты жеріне жұмыс орындарының жақын орналастыру, шығындардың бөлігін азайтуға көмектеседі. Бұл көзқарас статистикалық деректермен дәлелденеді: сауалнамаға қатысқан Орбита тұрғындарының 92%-ы, Шаңырақтың 80%-ы және Тастактың 67%-ы ауданда жұмыс орындарының жетіспейтінін атап өтті.

Орбита ауданының 66%-ы, Тастақтың 64%-ы және Шаңырақтың 53% сұхбаткерлері жұмыс орнына дейін қоғамдық көлікпен жетеді. Тек Орбитаның 11%-ы, Тастақтың 16% -ы және Шаңырақтың 12%-ы жұмыс орнына дейін жаяу барады. Бұл жұмыс орнына дейінгі жолға және керісінше жұмсалатын сағат, адамның үлкен ресурсының барын растайды. Ал оны аса жоғары ПИК пайдалануға болады.



Сонымен қатар, Шаңырақтың 20% сұхбаткерлері олардың отбасылық-материалдық жағдайы азық-түлік алуға мүмкіндіктерінің жоқ екенін атады (Тастақ пен Орбитада 5% қарсы).

Жұмыс орындарын құруға болатын салалар жайында айтар болсақ, онда қысқамерзімді және ұзақмерзімді даму келешегін әр аудандағы адами ресурстарға назар аудару қажет.

Сұхбаткерлердің портретіне орала, Орбита және Тастақ аудандарындағы 64% және 66% сұхбаткерлерінің толық емес жоғары немесе жоғары білім дәрежесі, Шаңырақ ауданындағы халықтың 68% толық емес орта немесе төмен білімі бар. Ұсынылған деректерге сүйене отырып, қала әкімшілігі немесе бизнес өкілдері қысқа және ұзақмерзімді дамытуда жұмыс орындарын қай салада құру керектігін есептей алады. Берілен сандар сұхбаткерлердің артықшылықтарын (дайындығына) түзетуге болады. Шаңырақ ауданы тұрғындарының 36% жұмысшылар кәсіптері үшін (өнеркәсіп, өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, логистика) жұмыс орындары жетіспейтінін, 12% Тастақ және 11% Орбитада қарсы екенін атап өтті. Орбита және Тастақ аудандарының сұхбаткерлері жоғары білікті мамандар (білім, емдеу мекемелері, ғылыми зерттеу институттары және жоғары технологиялық компаниялар) үшін жұмыс орындарына 38% и 36% артықшылық көрсетеді.

Алматы қаласының әкімшілігі қаланың полиорталықтандырылған моделі, курсы 2020 даму стратегиясы, барлық қажетті инфрақұрылым әр ауданның ішінде болатынын болжайды. Осы ретте, әр ауданның мүдделеріне қызмет көрсететін жұмыс орындарын құру бұл басты мәселе. Берілген сандар аудандар халқының жұмыс орындарына қажеттілігін көрсетеді. Қала биліктері мен бизнес қоғамдастықтарына осы аудандарда жаңа жұмыс орындарын жоспарлаған кезде осы сандарды ескергендері жөн.

Әлеуметтік байланыстылық

Әлеуметтік капитал, нақты немесе әлеуетті ресурстардың сомасы тәрізді. Олар оның жалпы сәйкестілігінің жалпы қорында құрылған нақты бір топқа қатысатын немесе қатысты байланысы бар. Әлеуметтік капиталдың өсімі өз кезегінде қоғамдастық мүшелерінің өмір сүру сапасын жақсартып отырып, қажеттіліктерін нәтижелі етіп қанағаттандыруға қабілетті.

Зерттеудің авторлары әлеуметтік капитал тек концепция ретінде ғана емес, сонымен қатар идеямен алмасуға мүмкіндік туғызатын тәжірибе ретінде де қарастырыла алатынын айтады. Бұл ретте, жасалған талдаулардың қорытындысын әлеуметтік капиталдың үш өлшем призмасы арқылы қарастыруға ұсынады - жабық (*bonding*), ашық (*bridging*) және байланыстырушы (*linking*).

Жабық әлеуметтік капитал қоғамдастық ішінде қалыптасады және отбасы мүшелерін, көршілерді, жақын достарды және бизнес серіктестерді байланыстыратын тығыз байланыстан тұрады.

Ашық әлеуметтік капитал бұл қоғамдастық арасында қалыптасатын капиталды көрсетеді. Экономикалық мәртебесі және саяси ықпалы бір адамдармен дөңгелес байланысы барын білдіреді.

Байланыстылық әлеуметтік капитал сатылас байланысты қосатын қоғамдастықтан әрі жүретін қарым-қатынасты сипаттайды. Олардың тапшылығын белгілі бір адамдар санатына жататын, әлеуметтің социумындағы тәуекелді болдырмауды құрады.

Бөлімде әлеуметтік капиталмен, сенімділік дәрежесімен, қоғамдастықтың өмірге төзімділігімен және ұжымдық әрекетпен байланысты ауқымды сұрақтар блогымен байланысты.


Егер, әлеуметтік капиталды экономикалық және мәдени капитал түрінде қарастырсақ, онда әлеуметтік желілер орталық болып табылады. Операциялар өзара сүйіспеншілік етумен, сенімділік пен серіктестікпен өзгешеленеді, сонымен қатар, нарық агенттері тауар мен қызметтерді тек өздері үшін емес, сондай ақ, жалпылардың игілігі үшін де өндіреді.

Бұл ретте, халықтың кедей топтары үшін әлеуметтік байланыс тығыздығы қала жағдайында құтаюы үшін негізгі болып табылады.

Батыс әдебиеттерінде мынандай жағдайлар да кездесетін: шалғай жердің (трущоба) тұрғындары жайлы жерге көшуден бас тартқан. Оған себеп, олар көршілерінен алшақ тұруға тура келеді. Сонымен қатар, бұндай қоныс аударудың объективті өсімі, қоныс аудару салдарынан балабақша құны (бала күтуші), көлік және басқа шығындары әлдеқайда өседі.

Әлеуметтік байланысты қалыптастыруға, демек, әлеуметтік капиталды қалыптастыруға уақыт қажет. Сұхбаткерлерге, Алматы қаласында қаншалықты ұзақ тұратындары жайында сұрақ қойылды? Төменде көрсетілген диаграммадан Алматыда 10 жылдан астам уақыт тұратындар Орбита ауданының 73% сұхбаткерлері, Тастақта 58% және Шаңырақта 57%. Егер, аудандарда тұру ұзақтығын айтар болсақ, сұхбаткерлердің 63% Орбитада, 49% Тастақта және 45% Шаңырақта 10 жылдан артық уақыт тұрады.

Орбитадағы жағдай




Бір жылдан аз 1 жылдан 5 жылға дейін 5 жылдан жоғары

5 жылдан 10 жылға дейін 10 жылдан жоғары

Тастақ ауданындағы жағдай

Тастақ. Тұрушылық ұзақтығы

■ Меньше года ■ От 1 до 5 лет ■ Более 5 лет
■ От 5 до 10 лет ■ Более 10




Бір жылдан аз 1 жылдан 5 жылға дейін 5 жылдан жоғары
5 жылдан 10 жылға дейін 10 жылдан жоғары

Шаңырақ ауданындағы жағдай

Шаңырақ. Тұрушылық ұзақтығы

■ Меньше года ■ От 1 до 5 лет ■ Более 5 лет
■ От 5 до 10 лет ■ Более 10



Бір жылдан аз 1 жылдан 5 жылға дейін 5 жылдан жоғары

5 жылдан 10 жылға дейін 10 жылдан жоғары

Жалдама үйлердің ең жоғары пайызы Шаңырақ пен Тастақта – 30% және 29%, тек сұхбаткерлердің 17%-ы Орбитада үй жалдап тұрады екен. Әдебиеттегі шолу жалдама үйлердің пайызы мен әлеуметтік капитал дәрежесі (жалдама үйлердің пайызы жоғары болған сайын, әлеуметтік капиталдың дәрежесі төмендейді), көшелерде қылмыс пен бүлік шығарушылар арасында тәуелділік барын көрсетті. Алайда, Шаңырақ ауданындағы жалдама үйлердің жоғары пайызы әлеуметтік капитал дәрежесінің төмендігін көрсетпейді. Бұл бір жағынан Шаңырақтағы құрылыспен және жиі кездесетін тұрғындар арасындағы туыстық қатынастармен байланысты. Мәнмәтіннің тарихы және мәдениеті жайлы айтар болсақ, АҚШ сияқты елдерге қарағанда, Қазақстанда әлеуметтік байланыстар басқа сценариймен құрылады. Егер, 100-200 жыл бұрын қазақ ауылының (қауымы) тұрғынын жамағаттан қуып жіберген болса, ол өлім жазасымен тең келген. Себебі, адам бір өзіне қазақ даласында аман қалу өте қиын болатын. Тіпті, қазіргі заманда тарихи қалыптасқан өмірдің тұрмыс салтына ділдік жақын халық, туыстарымен әлеуметтік тығыз байланысты сақтайтынын байқауға болады.

Жабық (Bonding) Әлеуметтік капитал

Бұл бөлімде әр ауданда жабық әлеуметтік капитал жайында түсінікті бірге қалыптастыратын жауаптары бар сұрақтар жинақталған. Анығырақ түсіну үшін, сұхбаткерлерге өз ауданы не деп есептейтіні туралы сұрап, оларға картада өз ауданының шекарасын сызып көрсету сұралды (Орбита, Тастақ және Шаңырақ). Төменде көрсетілген картада Орбита ауданында көбінесе жиі кездесетін жауаптар белгіленген. Сұхбаткерлердің 70%-дан астамы (аудан шекарасы туралы сұрақ әр 30 сұхбаткерге қойылды) Орбита ауданының шекарасын Орбита 1, 2, 3,4 ықшамаудандарының шекарасы сияқты белгіледі.

ОРБИТА



Тастақ ауданында сұралған тұрғындардың 60%-ы (сауалнама сұрағы әр 30 сұхбаткерге қойылды) аудан шекарасын Төле би көшесінің жоғары аумағын қоса есептегенде белгіледі (қаланың бұл бөлігі Тастақ ауданына жатпайды).


ТАСТАҚ



ТАСТАҚ

Шаңырақ ауданының шекарасын белгілеген аудан тұрғындары ерекше қызығушылық танытады. Қоғамдық және мәдени орындардың болмағандығынан, «аудан» бірнеше үйге дейін тарытылған және ең кішкентай болып шықты. Сонымен қатар, Шаңырақ бұл негізінен жеке құрылыс екеніне мән беру керек.

ШАНЫРАК



ШАҢЫРАК

Зерттеу тобымен зерттелетін қаладан алшақ аудандар тұрғындарының арасында жабық және әлеуметтік капитал деңгейін анықтауға бағытталған бірқатар сұрақтар қойылды.



Орбита

Тастак

Шаңырақ

■ **Жиі**

■ **Анда-санда**

■ **Кейде**

■ **Ешқашан**

Көбінесе, Шаңырақтың 31% тұрғындары көршілерін жиі, кей жағдайда 34% қонаққа шақырады, Орбитадағымен салыстырғанда 17% бен 31% және Тастақта 9% бен 39%. Сұралған Орбитаның 21%, Тастақтың 11% және Шаңырақтың 8% тұрғындары көршілерін қонаққа ешқашан шақырмайды.

Шаңырақ ауданының 37% сұхбаткерлері, ал Тастақтың 9% және Орбитаның 27% көршілеріне көбінесе көмек көрсетуге дайын. Орбитаның 37%-ы, Тастақтың 39%-ы және Шаңырақтың 32% сұхбаткерлері кейде ғана көмек көрсетуге дайын.

Көршілерін жақсы білетіндер: Орбита сұхбаткерлерінің 41%-ы, Тастақтың 29%-ы және Шаңырақтың 47%-ы, едәуір жақсы білетіндер: Орбита 38%, Тастақ 52% және Шаңырақ 37%, нашар білетіндер: Орбита 21%, Тастақ 19% және Шаңырақ 15%. Тұрып жатқан қала ауданының бөлігі сезінетін, сұралғандардың 78% Орбита, 84% Тастақ және 85% Шаңырақ тұрғындары.

«Сіздің ойыңызша, сіз тұрып жатқан аудан тұрғындарының басым көпшілігіне сенім білдіруге бола ма немесе адамдармен қарым - қатынаста сақ болу керек пе?» сұрағына, Орбитаның 44%-ы, Тастақтың 50%-ы және Шаңырақтың 37% сұхбаткерлері адамдарға сенім білдіруге болады деп жауап берді.

Бір - бірімен тіл табысатындар Орбитаның 34%-ы, Тастақтың 25%-ы және Шаңырақтың 60% сұхбаткерлері.

Жалпы атап өтсек, ең жоғары жабық әлеуметтік капитал Шаңырақ ауданында. Алайда, Шаңырақ тұрғындары үшін «аудан» түсінігі бірнеше үйге дейін тарытылған. Әлеуметтік капиталдың жоғары деңгейі осы аудан халқына ауқатты аудандарда бизнеспен шешілетін мәселелерді шешуге көмектеседі. Мысалға, балабақшалардың жоқтығы.

Әлеуметтік капитал - бұл қоғамдық игілік. Әлеуметтік капитал дамуына үлес қоса, мемлекет тұтастай қоғамның дамуына үлес қосады. Көршілермен қарым - қатынас жасауға мүмкіндік туғызуға қоғамдық орындарды дамыта отырып, біз тұтастай қоғам үшін әлеуметтік капиталды дамытамыз.

Ашық әлеуметтік капитал

Жабық әлеуметтік капитал әлеуетінен (қоғамдастық ішіндегі бар әлеуметтік капитал) ашық әлеуметтік капиталға ауыса отырып, біз «Аудан үшін әртүрлі мәселелер қаншалықты өзекті?» деген сұрақ қойдық. Мәселелердің 7 негізгі блогы таңдалды: Тротуарлар мен көшелердегі қоқыс, Діни секталарға еліктірілген адамдар санының

көптігі, Тасталған, қаңыраған ғимараттар, Есірткі сату, Көшелердегі нашақорлар мен ішкіштер, Көлік қауіпсіздігінің мәселелері, Ұлтаралық мәселелер, Бүлікшілік, Үйінділер. Сұхбаткерлер ең өзекті мәселелер деп көшедегі коқыстар, үйінділер және көлік қауіпсіздігінің мәселелерін атап өтті.

Ашық әлеуметтік капиталдың барын түсіну үшін, біз «Сіз немесе сіздің отбасы мүшелері аудан мәселері жайында билік өкілдерімен сөйлестіңіздер ме?» (мұнда біз түсініктеме бердік: билік өкілдерінің кез - келген деңгейі, ПИК және жоғары). Деректерде көрсетілген әр аудандағы билік өкілдерімен сөйлеспеген адамдар пайызы 85-ке тең немесе жоғары (Орбита 87%, Тастақ 94% және Шаңырақ 85%). Бұл ашық әлеуметтік капитал деңгейінің төмендігін көрсетеді.

Мәдени сұраныс

Әлеуметтік капиталды құруға және жинақтауға арналған іс шаралар


Аудандардың аумағында қоғамдық іс шараларды өткізу, ауданның тартымды кейпін жақсартуға көмектеседі. Жағымды әлеуметтік капиталды көбейтеді, қоғамдастықтың өмірге төзімділігін жақсартады және тұтастай қоғамдастықтың өмірін жақсарту үшін ұжымдық әрекетке қабілеттілігін арттырады. Тұрғын аудандарда шағын форматты қоғамдық іс - шараларды өткізу, халықтың ниеттестігін арттырады, сонымен қатар, биліктің жағымды имиджін қалыптастырады. Зерттеу тобымен: «Сіздің ауданда қандай іс - шаралардың өткізілгенін қалар едіңіз?» деген сұрақ қойылды. Орталықтан алшақ аудан тұрғындары спорттық жарыстарды, тақырыптық фестивалдерді (мысалға, гүлдер фестивалі, балалар фестивалі, көшелік көрсетілімдер т.б.) қуанышпен қарсы алады. Тегін оқулар және жария дәрістер, мастер кластар (мысалға, балалармен оқу, спорттық жаттығулар, би кластары және т.б.) көрмелер және де демалыс күннің жәрмеңкелері.

Жоғарыда көрсетілген Шаңырақтың 35%, Орбитаның 15% және Тастақтың 24% сұхбаткерлері, үкіметтік емес/қоғамдық/, еріктілер мекемесінің жұмысына қатысуға ниетті екенін атап өтті. Орталықтан алшақ аудандардың өмірін жақсы жағына қарай өзгертуге тырысатын қажырлы (пассионарий) тұрғындар болуы ықтимал. Орталықтан тыс аудандарға арналған іс - шаралар, сондай ақ, тұрғындарды оқытуға бағытталған бағдарламалар кіруі әбден мүмкін.

Алшақ аудан тұрғындарының басымдығы


Сұхбаткерлерге әртүрлі тақырыптағы 17 тізбенің ішінен, аса маңызды бес тақырыпты таңдау ұсынылды. Барлық үш ауданның сұхбаткерлері үшін ең маңызды тақырып қолжетімді және сапалы білім болып шықты. Аса маңызды тақырыптардың ішінде:

Телефон желісі мен интернетке қолжетімділік, Әділ және тиімді үкімет, Жұмыс орындарының көбеюі, Сапалы тамақ өнімдері, Денсаулық сақтау деңгейінің жоғарылауы.




Тастақ ауданында басымдылық бойынша үлестірімі келесідей:

Тастақ: тұрғындардың басымдығы



Шаңырақтағы жағдай:

Шаңырақ: тұрғындардың басымдығы



Атап өтетін жайт, сұхбаткерлер Шаңырақ ауданының басым міндеттерінің бірі ретінде телефон және ғаламтор байланысын атап өтті. Шын мәнінде, бұл аудан инфрақұрылым, әсіресе, телекоммуникациялық инфрақұрылым жағынан ең дамымаған аудандардың бірі.

Қорытындылай келе, келесі сандарға назар аударар едік. Шаңырақтың 35% сұхбаткерлері қандай да бір үкіметтік емес/қоғамдық/еріктілік ұйымға қатысқылары келетіндігін атап өтті. (салыстыру мақсатында 15% Орбитада және 24% Тастақта). Авторлар, тұрғындардың үкіметтік емес ұйымдардың жұмысына қатысу ниеттерінде аудандардың дамуына үлкен әлеуеттің барын атап өтті.

Сонымен қатар, бұл жайында Шаңырақтың 71% сұхбаткерлерінің болашақта ауданның көркейтіндігіне сенімдері жанама түрде айтылады. (39% Орбитаның және 35% Тастақтың).

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері, әлеуметтік және адами капитал экономикалық капиталдың бір түрі бола алатындығы жайлы гипотезаны дәлелдейді, бұл жағдайда халықтың өмір сүру деңгейі анағұрлым төмен ауданда (Шаңырақ) жабық әлеуметтік капитал деңгейі жағары, себебі, әлеуметтік байланыстар, халыққа қаржының жетіспеушілігін толықтыруға септігін тигізеді. Ашық әлеуметтік капитал жайлы сөз қозғар болсақ, бұл жерде көрсеткіштер төмен: Орбитада сұхбаткерлердің 13%-ы, Тастақта 6% және Шаңытақта 15% бір отбасы немесе шағын қоғам шеңберлерінен тыс мәселелерді шешу үшін, мысалы, іргелес аумақтарды абаттандыру немесе халықтық қала ортасын жоспарлауға қатысу үшін көбірек күш салу керектігін айтады.

Авторлар тобы Алматының орталыққа жатпайтын аудандар тұрғындарының сәйкестілігінің зерттеу нәтижесін, Маслоу классификациясын (Маслоу пирамидасы) қолдана отырып қарастырды. Оның классификациясына сәйкес, анағұрлым жоғары қажеттіліктерді қанағаттандыру, пирамиданың негізіндегі қажеттіліктерді қанағаттандырғаннан соң орындалуы қажет.



Жеке тұлғаның белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығын сезіну іліктілік және қауіпсіздік сезімдерін қалыптастырады. Орбита, Тастақ, Шаңырақ аудандары тұрғындарының әлеуметтік сәйкестілік және әлеуметтік байланыс зерттеулері, жалпы бұл аудандарда жабық әлеуметтік капитал көрсеткіштерінің жоғары екендігін көрсетті. Көршілердің бір - біріне көмектесу дайындығын айтар болсақ, Орбитада сұхбаткерлердің тек 18%-ы және Тастақ, Шаңырақ аудандарының әрқайсысында 9%-ы бір - бірлеріне көмек көрсетуге дайын емес.

Ұсынымдар

Аудан әкімшіліктеріне

Зерттеу авторлары тобымен Алматы қаласының орталығына жатпайтын үш аудан қарастырылды, аудандардың физикалық және әлеуметтік кеңістіктері қарастырылды. Авторлардың ойынша, қалалық кеңістіктің дамуы, Маслоу қажеттілік сатысын негізге ала отырып, халықтың инфрақұрылымдағы, қоғамдық орындардағы, оқу орындары және медициналық мекемелердің негізгі қажеттіліктерін қанағаттандырудан басталуы қажет. Жоғарыда атап өткендей, дамыған азаматтық қоғамы бар елдерде өзін - өзі басқару және қоғамдық бақылау механизмі бар, бұл бір жағынан мемлекеттік аппараттың үстемесін азайтады және халықтың қатысуымен «адамдар үшін қаланың» құрылуына септігін тигізеді.

Зерттеу барсында Шаңырақ ауданының тұрғындары әкімшіліктің көшірілуіне байланысты ауданның физикалық кеңістігіндегі жағымды өзгерістерді атап өтті. Шаңырақ ауданының 70% -дан астам сұхбаткер тұрғындары болашақта ауданның жақсара түсетіндігіне сеніммен қарап, әкімшіліктің болуын дамудың кепілі ретінде қосымша атап өтті. Орбита және Тастақ аудандары сұхбаткерлерінің сәйкесінше 39 және 35 пайызы жарқын болашаққа сенеді. Берілген фактілер билік пен халық арасында конструктивті өзара тиімді қатынастардың қажеттілігін айтады.

Қаланың дамуына тек мемлекеттік құрылымдар жауапты деп қабылдау, түбегейлі бұрыс түсінік. Авторлар тобы халықаралық донорлар және безнес тарапынан қорландыру есебінен орталықтан тыс аудандардың экономикалық дамуы мүмкіндігін қарастыруды ұсынады, осыған байланысты, келесі қадам шет елдердің жеке капиталды жұмылдыру тәжірибесін қарастыру болуы мүмкін.

Зерттеу авторлары Алматының әлеуметтік экономикалық саясатына және қала әкімшілігінің қызмет әрекетшілдігіне сапалы өзгерістер енгізу қажеттілігі туындады деп есептейді. Қаланың тұрақтылығына бірегей жүйе ретінде әсер ететін, Алматы аудандарының аумақтық дамуының үйлеспеушілігі жіті қадағалануда.

Мемлекеттік ұйымдарға мемлекеттік жеке серіктестік құралдарын қолдана отырып, шет елдердің аумақтық экономиканы дамыту тәжірибесін қарастырған жөн.

Мемлекеттік - жеке серіктестік

Зерттеу авторлары мемлекеттік ұйымдар мен бизнес құрылымдарға аумақ дамуына мемлекеттік жеке серіктестік мүмкіндіктерін қарастыруды ұсынады. Тиімді мысал ретінде АҚШ-тың Tax Increment Financing (TIF) салығының өсімі есебінен қаржыландыру механизмін қолдану тәжірибесі бола алады. Осы механизм аясында аумақтық және муниципалдық биліктер аумақтағы салық өсімінен түскен бюджеттік кіріс есебенінен инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асырылуына салынған қаржыны инвесторларға қайтарып береді. Осы салық өсімінің кірісі, қаржыландырылған жобалардың жүзеге асырылу нәтижесінде салықтық базаның өсу салдарынан туындайды.²

Осыған мысал ретінде (Greenville, SC), бұрынғы өндірістік қала құлдыраған кезде, қала орталығында Tax Increment Financing (TIF) аумағының орнатылуы есебінен қайта жанданды.

² С.В. МАЙОРОВ «САЛЫҚ ӨСІМІНІҢ ЕСЕБІНЕН ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ»

Бүгінгі таңда, Tax Increment Financing (TIF) құралы Қазақстан мен жақын шет елдерде қолданбайды, алайда осы салық құралдарын қолдануда Қазақстан біздің аумақтың елдері арасында пионері бола алады.

Бизнес құрылымдарға

Жоғарыда аталғандай, офис орындарының орталықтан тыс аудандарға көшіру – бұл дамыған елдердің соңғы онжылдықтағы тренді. Сандық технологияларды дамыту және интернетті жақсарту бұл трендті Қазақстанда да өзекті етеді. Жақын арада тағы бір маңызды трендтің бірі болып, ол тұрғылықты жерден өмірдің жайлы инфрақұрылымының қолжетімділігі үшін барлық қажеттіліктерді дамыту болуы мүмкін. Осыған байланысты, бизнес өкілдері үшін бизнестерінің кеңеюіне және жаңа бағыттардың ашылуына үлкен мүмкіндіктер ашылады.

Болашақ бизнестің көмегімен ескі тұрғын аудандардың жандандырылуында. Осы ретте, ұсыныс бизнес өкілдерімен қоса, мемлекеттік ұйымдардың өкілдерінен де туындай алады.

Бейформалды топтар мен ҮЕҰ ды қосқанда төменгі ынталарға

Орталықтан алшақ аудан тұрғындары жайлы сөз қозғайтын болсақ, әсіресе Шаңырақ ауданының резиденттерінде жабық әлеуметтік капитал түріндегі үлкен потенциал бар. Нәтижесінде, бұл халықтың тұрмыстық сапасының жалпы деңгейін жақсарту үшін қолданылуы мүмкін. Жоғарыда атап өткендей, орталықтан алшақ аудан тұрғындары және әсіресе маргиналдық топтар қаланың ұсынған барлық тиімділіктерін пайдаланбайды. Зерттеу авторлары ҮЕҰ мен бейформалды топтарды қоса төменгі ынталарға жұмыс фокустарының бірі ретінде орталыққа жатпайтын аудардардың адами және әлеуметтік капиталын дамытуға кеңес береді.